

**БД070100 – «Биотехнология» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесіне іздену үшін ұсынылған Тореханова Мақпал Меркибековнаның «Микробалдырлар негізінде балық шаруашылығының қалдық суларын биологиялық тазалау және балықтарға арналған жемдік қоспаларды алу» тақырыбындағы диссертациялық жұмысына ресми РЕЦЕНЗЕНТТІҢ ЖАЗБАША ШІКІРІ**

Р/н №	Өлшемшарттар	Өлшемшарттарға сәйкестігі	Ресми рецензенттің ұстанымына негіздеме
1.	Диссертация тақырыбының (бөкіту күніне) ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкес болуы	<p>1.1 Ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкестігі:</p> <p>1) Диссертация мемлекет боджетінен қаржыландырылатын жобаның немесе нысаналы бағдарламаның аясында орындалған (жобаның немесе бағдарламаның атауы мен нөмірі);</p> <p>2) Диссертация басқа мемлекеттік бағдарлама аясында орындалған (бағдарламаның атауы)</p> <p>3) Диссертация Қазақстан Республикасының Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен ғылым дамуының басым бағытына сәйкес (бағыттың көрсетуі)</p>	<p>Диссертациялық жұмыс «Микробалдырлардың белсенді штамдары негізінде биолизель өндірісінің технологиясын жасау» (2020-2022 жж.) жобасы шеңберінде орындалған.</p>
2.	Ғылымға маныздылығы	<p>Жұмыс ғылымға елеулі үлесін қосады/қоспайды, ал оның маныздылығы ашылған/ашылмаған.</p>	<p>Жұмыс ғылымға елеулі үлесін қосады. Маныздылығы ашылған, жоғары деңгейде. Диссертациялық зерттеудің ғылыми құндылығы бірнеше аспектілермен негіздеуге болады:</p> <p>–Алғаш рет <i>Shigella vulgatis</i> SP BV-2 микробалдырының балық шаруашылығы қалдық суларын тазалаудағы жоғары тиімділігі көрсетілген.</p> <p>–Микробалдыр биомассасының құрамындағы биологиялық белсенді заттардың сапалық және сандық сипаттамалары толық зерттеліп, олардың жемдік қоспа ретінде әлеуеті анықталған.</p> <p>–Экономикалық тиімділігі дәлелденіп, балық шаруашылығында микробалдырларды қолданудың нақты артықшылықтары көрсетілген.</p>
3.	Өзі жазу принципі	Өзі жазу деңгейі:	Өзі жазу деңгейі жоғары.

	<p>1) <b>жогары;</b> 2) орташа; 3) төмөн; 4) өзі жазбаган</p>	
<p>4. Ишкі бірлік принципі</p>	<p>4.1 Диссертация өзектілігінің негіздемесі: 1) <b>негізделген;</b> 2) жартылай негізделген; 3) негізделмеген.</p> <p>4.2 Диссертация мазмұны диссертация тақырыбын айқындайды 1) <b>айқындалды;</b> 2) жартылай айқындалды; 3) айқындалмайды</p> <p>4.3. Мақсатты мен міндеттері диссертация тақырыбына сәйкес келеді: 1) <b>сәйкес келеді;</b> 2) жартылай сәйкес келеді; 3) сәйкес келмейді</p> <p>4.4. Диссертацияның барлық бөлімдері мен құрылысы логикалық байланысқан: 1) <b>толық байланысқан;</b> 2) жартылай байланысқан; 3) байланыс жоқ</p> <p>4.5 Автор ұсынған жаңа шешімдер (қағидастар, әдістер) дәлелденіп, бұрыннан белгілі шешімдермен салыстырылып бағаланған: 1) <b>сыни талдау бар;</b> 2) талдау жартылай жүргізілген; 3) талдау өз пікірін емес, басқа авторлардың сілтемелеріне</p>	<p>Диссертацияның өзектілігі толық негізделген. Балық шаруашылығының дастанған ағылды суларында микробалдырларды өсіру тек суды тазартуға ғана емес, сонымен қатар табиғи биологиялық өнімдер өндіруге арналған экономикалық тиімді әдіс ұсынады. Зерттеу микробалдырларды пайдалана отырып, балық шаруашылығының ағылды суларын биоремедиациялау мүмкіндіктерін және алынған микробалдыр биомассасын балықтарға арналған азықтық қоспа ретінде қолдану әлеуетін анықтауға бағытталған.</p> <p>Диссертация мазмұны оның тақырыбын толық айқындайды. Жұмыстың құрылымы зерттеу мақсаттары мен міндеттеріне сәйкес келеді, ал бөлімдерде ұсынылған мәліметтер зерттеу тақырыбын жан-жақты ашуға бағытталған. Теориялық және эксперименттік нәтижелер зерттеу тақырыбының өзектілігін, жанашылдығын және ғылыми-практикалық маңыздылығын толықтай көрсетеді.</p> <p>Диссертацияның мақсаты мен міндеттері оның тақырыбына толық сәйкес келеді. Зерттеу барысында қойылған міндеттер жұмыстың негізгі мақсатын жүзеге асыруға бағытталған және диссертация тақырыбын ашуға қажетті барлық аспектілерді қамтиды.</p> <p>Диссертацияның барлық бөлімдері мен құрылысы логикалық тұрғыдан толық байланысқан. Жұмыс құрылымы реттелген және тақырыптың мазмұнын толық ашады. Диссертация кіріспеден, бөлімдерден (тараулардан), қорытындыдан және пайдаланылған әдебиеттер тізімінен тұрады. Әрбір бөлім тақырыбының мазмұнымен сәйкестігі және зерттеудің негізгі идеяларын кезең-кезеңімен ашу қамтамасыз етілген.</p> <p>Автор ұсынған жаңа шешімдер (қағидастар, әдістер) ғылыми тұрғыдан дәлелденген және бұрыннан белгілі шешімдермен салыстырылып жан-жақты бағаланған. Жаңа шешімдердің тиімділігі мен артықшылықтары нақты деректермен негізделген, ал олардың ерекшеліктері алдыңғы зерттеулердің нәтижелерімен салыстыру арқылы көрсетілген. Бұл диссертацияда ұсынылған әдістер мен қағидастардың ғылыми жаңашығы мен қолданбалы маңыздылығын дәлелдейді.</p>

5.	<p>Ғылыми жаңашылдық принципі</p>	<p>негізделген</p>	
	<p>5.1 Ғылыми нәтижелер мен қағидағтар жаңа болып табыла ма? 1) <b>толығымен жаңа;</b> 2) <b>жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады);</b> 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)</p>	<p>Ғылыми нәтижелер мен қағидағтар толығымен жаңа болып табылады. Диссертацияда балық шаруашылығының дастанған қалдық суларын тиімді биоремедиациялау үшін <i>Shorella vilgatis SP BB-2</i> микробалдырларын қолдану мүмкіндігі алғаш рет көрсетілген. Сондай-ақ, микробалдырлар негізіндегі биологиялық қоспаны тиялпия (<i>Oreochromis niloticus</i>) балығына жемдік қоспа ретінде пайдалану тиімділігі және оның экономикалық артықшылықтары анықталған.</p>	
	<p>5.2 Диссертацияның қорытындылары жаңа болып табыла ма? 1) <b>толығымен жаңа;</b> 2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады); 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)</p>	<p>Диссертацияның қорытындылары заманауи биотехнологиялық, микробиологиялық, алытологиялық және ихтиологиялық әдістерді қолдану, сондай-ақ алынған статистикалық мәліметтерді терең талдау арқылы алынған. Осылайша, диссертацияның қорытындылары толығымен жаңа болып табылады және ғылыми жаңалыққа негізделген.</p>	
	<p>5.3 Техникалық, технологиялық, экономикалық немесе басқару шешімдері жаңа және негізделген бе? 1) <b>толығымен жаңа;</b> 2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады); 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)</p>	<p>Техникалық, технологиялық, экономикалық және басқару шешімдері жаңа және толық негізделген. Әсіресе, балық шаруашылығының қалдық суларын тиімді биоремедиациялау үшін <i>Shorella vilgatis SP BB-2</i> микробалдырларын қолдану әдісі жаңашылдығымен ерекшеленеді. Бұл шешімнің тиімділігі нақты эксперименттермен дәлелденген, ал оның экономикалық артықшылығы балық шаруашылығының өнімділігін арттыруға мүмкіндік беретінін көрсетеді. Сонымен қатар, басқару шешімдері балық шаруашылығының қалдық суларын тазарту мен биомассаны пайдалану тұрғысынан практикалық түрде тиімді қолдануға бағытталған.</p>	
6.	<p>Негізгі қорытындылардың негізділігі</p>	<p>Барлық қорытындылар ғылыми тұрғыдан қарағанда ауқымды дәлелдемелерде негізделген/негізделмеген (qualitative research және өнертану және гуманитарлық бағыттары бойынша)</p>	
7.	<p>Қорғауға шығарылған негізгі қағидағтар</p>	<p>Әр қағидағт бойынша келесі сұрақтарға жауап беру қажет: 7.1 Қағидағт дәлелденді ме?</p>	<p>Қорғауға ұсынылған барлық қағидағтардың дәлелі диссертацияның зерттеу нәтижелері мен оларды талқылау бөлімдерінде толық көрсетілген. Ізденуші ұсынған нәтижелердің бірі ретінде <i>Shorella</i></p>

	<p>1) Дәлелденді;  2) шамамен дәлелденді;  3) шамамен дәлелденбеді;  4) дәлелденбеді  7.2 Тривиалды ма?  1) ия;  2) жоқ  7.3 Жана ма?  1) ия;  2) жоқ  7.4 Қолдану деңгейі:  1) тар;  2) орташа;  3) кең  7.5 Мақалада дәлелденген бе?  1) ия;  2) жоқ</p>	<p><i>vilgatis SP BB-2</i> микробалдырының балық шаруашылығының қалдық суларының органикалық ластағыштардан тазалануы үшін жоғары тиімділігін дәлелдеген.  Тривиалды емес. Диссертацияда тривиальды мәлімдемелер жоқ. Ұсынылған қағидалар жаңашыл және ғылыми тұрғыдан маңызды болып табылады.  Қорғауға шығарылатын қағидалар жаңа, себебі бірінші рет балық шаруашылығының қалдық суларын <i>Shorella vilgatis SP BB-2</i> микробалдырымен биоремедиациялау мүмкіндігі дәлелденген, және микробалдыр биомассасының биохимиялық құрамын зерттеу арқылы оның балық рационасында жемдік қоспа ретінде қолданылу әлеуеті көрсетілген.  Қолдану деңгейі кең, өйткені алынған нәтижелер балық шаруашылығының қалдық суларын биоремедиациялау технологияларын жетілдіру мен балық рационасына микробалдыр биомассасын қосудың экологиялық және экономикалық негіздемелерін қамтамасыз етеді.  Мақалада дәлелденген, ізденуші 11 ғылыми мақала жарияланған және оның жұмысы ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігінің Комитеті ұсынған мақала, сондай-ақ халықаралық конференцияларда және Scopus деректер базасына кіретін Q1 санатындағы журналда жарияланған мақала арқылы дәлелденген.</p>
<p>8. Дәйектілік принципі  Дереккөздер мен ұсынылған акпараттың дәйектілігі</p>	<p>8.1 Әдістеменің тандауы - негізделген немесе әдіснама нақты жазылған 1) ия; 2) жоқ</p> <p>8.2 Диссертация жұмысының нәтижелері компьютерлік технологияларды қолдану арқылы ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістері мен деректерді өңдеу және интерпретациялау әдістемелерін пайдалана отырып алынған:  1) ия; 2) жоқ</p> <p>8.3 Теориялық қорытындылар.</p>	<p>Әдістеменің тандауы негізделген және әдіснама нақты жазылған. Зерттеуде қолданылған әдістер мен тәсілдер ғылыми тұрғыдан дұрыс тандалып, зерттеу мақсаттарына сәйкес жүйелі түрде сипатталған. Әдістемеле микробалдырлардың балық шаруашылығына арналған биологиялық қоспалар ретінде қолданылуын зерттеуде қол жеткізілген нәтижелердің дәлдігі мен тиімділігі көрсетілген. Сонымен қатар, әдіснамалық негіздеу мен зерттеу процесінің әр кезеңі нақты түрде баяндалған, бұл зерттеу жұмысының ғылыми құндылығын арттырады.  Диссертация жұмысының нәтижелері компьютерлік технологияларды қолдану арқылы ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістері мен деректерді өңдеу және интерпретациялау әдістемелерін пайдалана отырып алынған.</p> <p>Теориялық қорытындылар, модельдер, анықталған өзара байланыстар</p>

	<p>Модельдер, анықталған өзара байланыстар және заңдылықтар эксперименттік зерттеулермен дәлелденген және расталған (педагогикалық ғылымдар бойынша даярлау бағыттары үшін негізделген педагогикалық эксперимент негізінде дәлелденеді): 1) ия; 2) жоқ</p>	<p>және заңдылықтар эксперименттік зерттеулермен толық дәлелденген және расталған. Зерттеуде ұсынылған теориялық тұжырымдар мен модельдер нақты эксперименттік деректермен бекітілген, бұл зерттеудің ғылыми дәлдігін қамтамасыз етеді. Мысалы, <i>Shigella vulgatis</i> SP BV-2 микробалдырының балық шаруашылығындағы қалдық суларының ластағыштардан тазалану тиімділігі мен биомассасының құрамдық ерекшеліктері теориялық болжамдарды тәжірибелік зерттеулермен растайды. Зерттеу нәтижелері алынған заңдылықтарды толық дәлелдеп, олардың ғылыми маңыздылығын арттырады.</p>
	<p>8.4 Маңызды мәлімдемелер нақты және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен расталған / ішінара расталған / расталмаған</p>	<p>Зерттеуде келтірілген барлық маңызды мәлімдемелер ғылыми әдебиеттерге негізделген және сәйкес сілтемелермен расталған. Бұл мәлімдемелердің негізділігі мен дәлдігін қамтамасыз ету үшін, диссертацияда қол жеткізілген нәтижелер мен оларды қолдайтын әдебиеттер тізімі кенінен қарастырылған. Мысалы, микробалдырлардың биоремедиациядағы тиімділігі мен олардың биомассасының құрамдық ерекшеліктеріне қатысты ғылыми жұмыстарға сілтемелер ұсынылған, бұл зерттеу нәтижелерінің ғылыми негізділігін және әдіснамалық дәлдігін арттырады.</p>
	<p>8.5 Пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолуға жеткілікті/жеткіліксіз</p>	<p>Пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолуға жеткілікті. Олардың саны 170 құрайды.</p>
<p>9 Практикалық құндылық принципі</p>	<p>9.1 Диссертацияның теориялық маңызы бар: 1) ия; 2) жоқ</p>	<p>Диссертацияның теориялық маңызы зор, себебі ол микробалдырлардың балық шаруашылығында және экологиялық биоремедиацияда қолданылуын жаңа ғылыми тұрғыда зерттейді. Зерттеу барысында ұсынылған жаңа модельдер мен заңдылықтар, микробалдырлардың биомассасының құрамдық ерекшеліктері және олардың өндірістік жағдайда қолданылу мүмкіндіктері теориялық деңгейде тын әрі маңызды көзқарастарды ұсынады. Осы зерттеу арқылы балық шаруашылығының қалдық суларының тазалану процесін биоремедиация әдістерімен оңтайландырудың ғылыми негіздемесі жасалған, бұл саланың дамуына маңызды теориялық үлес қосады.</p>
	<p>9.2 Диссертацияның практикалық маңызы бар және алынған нәтижелерді практикада қолдану мүмкіндігі жоғары: 1) ия; 2) жоқ</p>	<p>Диссертацияның практикалық маңызы бар және қол жеткізілген нәтижелерді практикада қолдану мүмкіндігі жоғары. Зерттеу нәтижелері бойынша «Биомасса алу және сарқынды суларды органо-минералды ластанулардан тазарту үшін перепективті <i>Shigella vulgatis</i> SP BV-2 микробалдыр штаммы» №35781 2021/0211.1 өнертабысқа патент алынды.</p>
	<p>9.3 Практикалық ұсыныстар жана болып табылады?</p>	<p>Иә, практикалық ұсыныстар жана болып табылады. Зерттеу нәтижелері бойынша ұсынылған микробалдырлардың балық</p>

	<p>1) <b>толығымен жаңа;</b>  2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады);  3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)</p>	<p>шаруашылығында қалдық суларының тазалануы мен балық рационалына қосу мүмкіндігі алғаш рет ғылыми тұрғыдан дәлелденген. Бұл ұсыныстар, сонымен қатар, балық шаруашылығындағы өндірістік процестердің экологиялық және экономикалық тиімділігін арттыруға бағытталған. Микробалдырлар негізіндегі биологиялық қоспалардың жемдік тиімділігі мен балық шаруашылығында қолдану мүмкіндігі зерттеу барысында жаңа әрі қолданбалы ұсыныстарды қалыптастырған.</p>
<p>10. Жазу және ресімдеу сапасы</p>	<p>Академиялық жазу сапасы:  <b>1) жоғары;</b>  2) орташа;  3) орташадан төмен;  4) төмен.</p>	<p>Диссертацияның академиялық жазу сапасы жоғары деңгейде. Жұмыс ғылыми стильді ұстана отырып, жүйелі құрылым сақталған және әр бөлім өзара логикалық байланыста жазылған. Сілтемелер дұрыс қолданылып, нақты ғылыми әдебиеттерге негізделген, бұл зерттеудің ғылыми деңгейін арттырады. Диссертацияның құрылымы мен мазмұны ғылыми жұмыстарға қойылатын талаптарға сәйкес келеді, бұл жұмыстың сапасын растайды. Сонымен қатар, ғылыми тұрғыдан дәлелденген тұжырымдар мен зерттеу нәтижелері оқырманға түсінікті әрі сенімді түрде ұсынылған.</p>
<p>11. Диссертацияға ескертулер</p>		<ol style="list-style-type: none"> <li>1. Диссертациялық жұмыста орфографиялық және грамматикалық қателер кездеседі.</li> <li>2. 5,6,7 суреттердің сапасын жақсарту қажет.</li> <li>3. Тақсондардың латынша атауларын барлық жерде курсив қаріпіне өзгерту керек.</li> <li>4. Сілтемелер кесте немесе суреттен бұрын тұру керек.</li> <li>5. Қазақтан алығологтарының ғылыми еңбектеріне сілтімелер берілмеген.</li> </ol>
<p>12. Докторант макалаларының зерттеу тақырыбы бойынша ғылыми деңгейі (диссертация макалалар сериясы нысанында қорғалған жағдайда ресми рецензенттер докторанттың зерттеу тақырыбы бойынша әр мақаласының ғылыми деңгейін зерделейді)</p>		<p>Мақалалар зерттеу тақырыбына сәйкес келген. Диссертацияның негізгі құрамдас бөліктері 11 басылып шыққан жұмыста көрініс тапқан. Олардың ішінде импакт-факторы нөлден төмен емес Web of Science немесе Scopus дерекқорларында индекстелетін рецензияланған шетелдік ғылыми журналдарда 2 мақала, ҚР Білім және ғылым саласын бақылау комитетінің тізіміндегі респу/бликалық ғылыми журналдарда 4 мақала жарияланған. Сонымен қатар, халықаралық конференцияларда 4 тезис ұсынылған. Зерттеу нәтижелері негізінде «Биомасса алу және сарқынды суларды органо-минералды дастанулардан тазарту үшін перспективті <i>Chlorella vulgaris</i> SP BV-2</p>

		микробадлыр шгаммы» тақырыбында №35781 2021/0211.1 өнертабыска патент алынған.
13.	Ресми рецензенттің шешімі (осы Үлгі ереженің 28-тармағына сәйкес)	филоософия докторы (PhD) бойынша доктор дәрежесін беру

**Ресми рецензент:**

**Ботаника және фитонитродүксия институтының  
бас ғылыми хатшысы, микология және альгология зертханасының  
жетекші ғылыми қызметкері, б.ғ.к.**



**Саметова Эльмира Сайлаухановна**

Қолын  
Күшәңқыратын Қазақстан Республикасының Экология және Табиғи Ресурстар Министрлігі Орман шаруашылығы және Жәуірлер Дүниесі Комитетінің "Ботаника және фитонитродүксия институты" шаруашылық жүргізу қиынындағы республикалық наплевәттік кәсіпорны  
К.С.С. О.Д.С.